

«ПОЙЫЗДАР ҚОЗҒАЛЫСЫН БАСҚАРУ ОРТАЛЫҒЫ – ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯНЫҢ БІРЕГЕЙ ЖОБАСЫ. ОҒАН ЖЫЛ БОЙЫ ҮЛКЕН ДАЙЫНДЫҚ ЖҮРДІ. ӨТКЕН ЖЫЛЫ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА БЕС Өңір ДИСПЕТЧЕРЛЕРІ БІР ЖЕРГЕ КӨШІРІЛДІ. БҮГІНДЕ ҚАШЫҚТЫҚТАН БАСҚАРУ МҮМКІНДІГІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗІП ОТЫРМЫЗ»

Серік ӘБДЕНОВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары



№10 (2618)
16/03/2021

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

SIX SIGMA: Сапаны басқару мүмкіндігі

«Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамында халықаралық «Six Sigma» тұжырымдамасы арқылы қызмет сапасы жақсартылуда. Ол үшін алдымен кез келген сала мәселесі анықталып, сосын соны жою үшін мақсат қойылады.

Райхан РАХМЕТОВА,
Нұр-Сұлтан



Компанияның сапаны басқару бойынша бас менеджері Томас Вайссе жүргізген «Six Sigma» тұжырымдамасы бойынша 2 айлық тренинг осы саладағы барлық қызметтерге арналған әдістер мен құралдарды ұсынады. Өткен аптада осы тәсіл бойынша компанияда алғаш тренингтен өткен 5 қызметкерге арнайы сертификаттар мен «Six Sigma» бойынша Жасыл белбеу табыс етілді.

Қаңтар айының соңынан бері «Six Sigma» тәсілі бойынша тренингтерге «Жолаушылар тасымалы» АҚ бас директорының көмекшісі Бақытбек Құжаметов, кадрлар бөлімінің Аида Нұрғазы, қозғалыс қауіпсіздігі бөлімінің Қуаныш Жақсыбаев, «Вагонсервис»

АҚ-дан Азамат Жетпісбаев, сервис бөлімінің Гүлнар Сейсенбинова қатысты. Олар әрқайсысы өз саласы бойынша кездесетін мәселелерді ортаға тастап, соның шешу жолдарын аталған тәсіл арқылы табуға тырысты. Алғашқы қарлығаштарға халықаралық мәртебесі жоғары «Six Sigma» тұжырымдамасына сәйкес білім алғандығын растайтын сертификатты акционерлік қоғамның бас директоры Питер Штурм салтанатты түрде табыс етті.

– Біздің басты мақсатымыз – сапаны үздіксіз жақсарту. Әрбір қатысушы ең қарапайым деген жобаларды таңдап алды, себебі оны тренинг біткеннен кейін жұмыс процесіне

енгізуге болады. «Six Sigma» тәсілін ең алғаш рет 1986 жылы Моторола компаниясы ойлап тапқан. Бірақ оның танымалдылығы 1990 жылдары «General Electric» компаниясы қолданғаннан кейін барып бірден артып кетті, – дейді Томас Вайссе.

Тренингке қатысушылардың бірі Бақытбек Құжаметов «Құжат айналымын оңтайландыру» тақырыбын көтерді. Сонымен қатар компанияның қозғалыс қауіпсіздігі тобы бойынша екінші деңгейлі менеджері Қуаныш Жақсыбаевтың ұсынған тақырыбы – операциялық қызметтер, пойыздардың кешігуі және олардың себептері туралы болды. Айданың тақырыбы – Telegram-ботта жариялау

үшін жұмыс үдерісін оңтайландыру туралы болса, Гүлнар бағажды өңдеу мен рәсімдеу өнімдерінің профилі тақырыбын ұсынды. Ал Азамат вагондардағы жарықтың дұрыс жұмыс істеуіне қатысты мәселені көтерді. Бұл қатысушылар енді осы алған білімдерін, қорғаған жобаларын өз саласындағы жұмыстарға қолданып, басқа әріптестеріне білгенін үйретеді.

Компания бойынша «Six Sigma» тәсілі арқылы биыл тағы да 15 қызметкерді оқыту көзделуде. Ал келесі жылы олардың қатары тағы көбейтіледі. Олар бұл тренингтер кезінде онлайн емес, тренермен жеке-жеке кездесу арқылы жобаларын қорғап шыққан. *Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

НОВЫЙ ИМПУЛЬС РАЗВИТИЯ



В рамках подготовки официального визита Премьер-министра Республики Казахстан Аскара Мамина в Объединенные Арабские Эмираты состоялось подписание пакета соглашений между АО «НК «ҚТЖ» и глобальной инвестиционной компанией правительства Абу-Даби Mubadala Investment Company.

Документы направлены на передачу 50% доли ТОО «KIF Warehouses», владеющей современным складским комплексом класса «А» на территории СЭЗ «Хоргос – Восточные ворота» в Алматинской области, АО «KTZ Express» – дочерней организации АО «НК «ҚТЖ».

Соглашения подписали заместитель председателя правления по логистике АО «НК «ҚТЖ» Павел Соколов, председатель правления АО «Казына Капитал Менеджмент» и главный юрист компании Mubadala Родни Кэннон.

В 2018 году компания Mubadala Investment Company совместно с АО «НУХ «Байтерек» на базе совместной инвестиционной платформы профинансировали на паритетных началах порядка 17 миллионов долларов на строительство складского комплекса в ключевом транспортном узле, расположенном вдоль Нового Шелкового пути.

Ожидается, что его запуск увеличит экспортный и транзитный потенциалы Республики Казахстан. Для бизнеса будут предложены самые современные логистические услуги на границе РК и КНР.

Достиженные договоренности придадут дополнительный импульс дальнейшему долгосрочному экономическому сотрудничеству между Республикой Казахстан и Объединенными Арабскими Эмиратами.

Алуа ТЛЕУБАЕВА, Нұр-Сұлтан

ХРОНИКА

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ

АО «НК «ҚТЖ» ДОСТАВИТ ИЗ КИТАЯ

3 млн

ФЛАКОНОВ ДЛЯ ВАКЦИНЫ ОТ КОРОНАВИРУСА

БОЛЕЕ

140

ЧЕЛОВЕК ПОДАЛИ ЗАЯВКИ ДЛЯ УЧАСТИЯ В ПРОЕКТЕ «100 МОЛОДЫХ ЛИЦ» АО «ПАССАЖИРСКИЕ ПЕРЕВОЗКИ»

КОЛИЧЕСТВО БРОШЕННЫХ ВАГОНОВ НА ГРАНИЦЕ С КНР СНИЗИЛОСЬ НА

4000

ПОСЛЕДСТВИЯ СХОДА УСТРАНЕНЫ

Около 200 железнодорожников приняли участие в восстановительных работах на станции Улпан Шалкарского района Актюбинской области, где 26 февраля произошел сход 22 грузовых цистерн, 7 из которых получили пробоины, вследствие чего произошел разлив нефтепродуктов.

Ардак ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Во время рабочей поездки на место происшествия заместитель генерального директора ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» Канат Кобесов проинспектировал работы по восстановлению движения поездов, устранению последствий схода, применяемых мер безопасности против возгорания бензина, разлитого из цистерн.

Благодаря быстрому реагированию путейцев были срочно привлечены пожарные и восстановительные поезда. Оперативно выполнены основные задачи – обезопасить место происшествия и восстановить движение поездов.

Сейчас на станции Улпан вновь открыты нечетные и четные пути, которые были закрыты на момент происшествия. Никаких препятствий движению подвижного состава нет, к восстановительным работам привлечено более 200



рабочих со всех подразделений. – Работы по устранению последствий схода прошли. Открыты четные и нечетные пути. Каждый сотрудник, работающий на месте происшествия, проделал большую работу. В первую очередь, соблюдены все меры предосторожности. Прибывшие бригады железнодорожников и других служб были обеспечены обогревом, горячим питанием, соблюдены все условия для их быта и временного проживания во время устранения последствий схода, – сказал НОДПП Ақтөбе Борихан Беркимаев. Инцидент произошел возле

вокзала, рядом насчитывается около 20 домов. Жители села – железнодорожники. Главное, что никто не пострадал, не допущено взрыва и пожара, несмотря на то, что был разлив бензина из семи цистерн. Только во время происшествия пассажирский поезд №42 Атырау – Алматы был задержан на 12 часов 19 минут. – В результате слаженных, организованных действий всех служб ҚТЖ, а также сторонних организаций движение было восстановлено в первые сутки, ликвидация последствий разлива бензина завершена, – отметил Канат Кобесов.

Фото автора

Серік ҚАНДЫҚБАЕВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Бизнесі трансформациялау орталығы» филиалының директоры:



КАЗІРГІ ТАҢДА ҚТЖ КОМПАНИЯСЫ «САМУРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БОЙЫНША ТРАНСФОРМАЦИЯ ІСІНДЕ КӨШ БАСТАП ТҮР. ОНЫҢ ҮСТІНЕ ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯ АЛҒАШҚЫЛАРДЫҢ БІРІ БОЛУП ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҮДЕРІСІНЕ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ӨКІЛДЕРІН ТАРТТЫ. ОЛАР ТЕК БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗІП ҚАНА ҚОЙМАЙ, НЕГІЗГІ МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР, ЖОБАЛАР ТІЗІМІН ЖАСАУҒА БЕЛСЕНДІ АТСАЛЫСУДА



В КОНТЕЙНЕРАХ БЫСТРЕЕ

Чтобы ускорить передачу груза в КНР, грузоотправители переходят на перевозку в контейнерах.

Асель ШАЙХИНОВА,
Нур-Сұлтан

Такой вариант транспортировки привлекает возможностью ускорить сдачу груза через пограничные переходы с КНР.

В данный момент соседняя страна ведет медленный прием груза в крытых вагонах и полувагонах, при этом прини-

мает в обычном режиме груз в контейнерах. Использование контейнеров исключает необходимость перевалки груза в

железнодорожный подвижной состав более узкой колеи.

– В связи с образовавшимся на границе с Китаем «заторм» крытых вагонов и зерновозов, мы перешли на погрузку зерновых (ячмень, семена льна) в контейнеры, – говорит грузоотправитель Нурлан Омаров, который доставляет груз из северных регионов Казахстана в Китай. Первые контейнеры компании уже готовы к перевозке.

У большинства грузоотправителей уже имеется необходимое оборудование для осуществления погрузки в контейнеры.

В целях развития контейнерных перевозок ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» разрешило до 31 декабря текущего года погрузку и выгрузку контейнеров на подъездных путях всех станций, осуществляющих грузовые перевозки.

АЛТЫН МЕДАЛЬҒА ИЕ БОЛДЫ



Еуропалық нарықта темір жол рельстерінің экспорты бойынша көш басына шыққан «Ақтөбе рельс-арқалық зауыты» халықаралық «Металл-Экспо» көрмесі лауреатының алтын медаліне ие болды. Алпауыт компаниядағы экспорттау жұмыстары еселенуі түсті.

Көрме жетекші металлургиялық компанияларды, құбырлық және металл бұйымдары зауыттарын, түсті металдар мен қорытпаларды өндірушілерді, металл трейдерлерін, сервистік металл орталықтарды, сондай-ақ металл өнімдерінің негізгі тұтынушыларын біріктірді. Көрме ұйымдастырушылары дәстүрлі түрде техникалық деңгейге сәйкес келетін жабдықтар мен технологияларды әзірлеген және іске қосқан.

«97-100% жарамды өнімнің шығуын қамтамасыз ететін «Ақтөбе рельс-арқалық зауыты» ЖШС-де рельстерді және «ОЭМК» АҚ мен «Уральская Сталь» АҚ-да жоғары сапалы үздіксіз құйылмалы дайындаманы өндірудің толассыз технологиясын әзірлегені үшін 2020 жылы «Ақтөбе рельс-арқалық зауыты» ЖШС «И.П. Бардин атындағы ЦНИИ-Чермет» ФМБҚ, «Металлинвест» ЖШҚ, «Оскольский электрометаллургический завод» АҚ, «Уральская Сталь» АҚ-мен қатар халықаралық «Металл-Экспо» халықаралық көрмесі лауреатының алтын медалімен марапатталды» деп хабарлайды компанияның баспасөз қызметі.

Айта кетсек, «Ақтөбе рельс-арқалық зауыты» Кеден Одағының «Темір жол инфрақұрылымының қауіпсіздігі туралы» Техникалық регламенті талаптарына сәйкестігі туралы сертификат алғаннан бері өнімін Өзбекстан, Тәжікстан, Беларусь, Грузия, Түркіменстан, Эстония, Иран елдеріне экспорттап отыр.

Зауыт Еуразиялық экономикалық одақ аумағында Р-65 стандартына сәйкес дифференциалды ыстыққа бейімделген 120 метрлік рельстер шығаратын бірден бір кәсіпорын.

Ардаң СЕРДАЛЫ, Ақтөбе

ІРІКТЕУ ЖҮРІП ЖАТЫР

Ислам ТАЛҒАТ,
Нұр-Сұлтан



«Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның 100 жас тұлғасы» жобасы үлкен қолдауға ие болып, оған қызығушылық танытушылар қатары артып отыр. Бүгінде 140-тан астам адам конкурстық іріктеуге қатысу үшін өз өтінімдерін берген.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның 100 жас тұлғасы» жобасы жастар саясаты аясында жүзеге асырылып, компанияның жас кадрлық әлеуетін дамытуға бағытталған. Компания басшылығы жас қызметкерлердің бастамасына үлкен үміт артып, олар жергілікті жерлердегі басшылар немесе негізгі қызметкерлер бола отырып, бизнес-проекттерді және жолаушылар тасымалындағы сервисті жақсартуға бағытталған жобаларды ұсынып, жүзеге асыра алады деп сенеді.

Жобаны іске асыру кезеңдеріне келсек, екі ай ішінде өтінімдерді қабылдау процесі өтеді. Мұнда ешқандай шектеулер жоқ. Өтінімдерді жинау басшылар немесе әріптестер тарапынан да, өзін-өзі ұсынушылар тарапынан да берілген құжаттар негізінде жүзеге асырылады. Осыдан кейін кандидаттың бірегейлігі мен қадір-қасиетін көрсететін ең жақсы өзін-өзі таныстыру бейнероликтері таңдалады. Әрі қарай үміткерлер сұхбат пен сараптамалық іріктеуден өтуі керек. Компания басшылығы қатысатын сараптамалық іріктеудің қорытындысы бойынша «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның 100 жас тұлғасы» жобасына енген қатысушылар есімі тамыз айының басында белгілі болмақ.

Еске сала кетсек, «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның 100 жас тұлғасы» жобасының мақсаты компанияның нақты жас қызметкерлерінің әдептілік, меритократия, кәсібилік және белсенді ниеттестік идеяларын насихаттау болып табылады.

ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚАТЕР ТӨНБЕСЕ ДЕ...

Жан ПЕРДЕБЕК,
Шымкент



Өткен жыл адамзаттың есінде коронавирус індетімен есте қалды. Әлемдік пандемияның салқыны әлі де жалғасын тауып, зардабын тигізуде. Бірақ, теміржол саласы жүк тасымалдауда қандай қиындықтарға тап болса да өндірісті тоқтатпай, алға қадам басып келе жатыр.

Осы орайда Шымкент магистральдық желі бөлімшесінің өткен жылды қалай қорытындылағаны туралы аз-кем тоқтала кетсек. Бөлімше берген мәліметтерге сүйенсек, былтыр 2020 жылдың 12 айында Шымкент магистральдық желі бөлімшесі бойынша қозғалыс қауіпсіздігіне тікелей қатер төнбесе де нұқсан келер 8 оқиға орын алған. Оның ішінде апатты жағдай, төтенше оқиғалар орын алмаған. Алайда 8 инцидентке жол берілген. Атап айтсақ, өтпе жолда сигналдан ақау табылуы – 1, адамдарды қағып кету – 6, НТС-тың салдарынан пойыздың 1 сағаттан артық кідіруінің 1 оқиғасы тіркелген.



Жалпы НЖС-9 бойынша құрылғылар жұмысының іркілісі – 59 жағдай, жол шаруашылығы бойынша құрылғылардың 28 рет істен шығуына жол берілген. Бұрма бағыттағаларының істен шығуы – 6, оқшаулағыш түйіспе – 8, рельс тізбектерінің жөндеуге келмеуі – 13, басқа да жағдайлардан 1 дерек тіркелді.

Ал ШЧ шаруашылығына келсек, мұнда да құрылғылардың 23 рет жұмыс істемей қалу жағдайы тіркелген. Жұмыс жүргізу технологиясын бұзу – 3, нұсқаулар мен үлгілік шешімдерді орындамау – 1, құрылғылардың ескіруі – 10, басқа себептермен 8 жағдай орын алды.

ЭЧ шаруашылығы бойынша құрылғылар жұмысының іркілісіне 8 жағдай себеп болған. Контакттілі желі құрылғыларына байланысты – 3, энергетика құрылғылары – 3, басқа себептер бойынша 2 жағдай тіркелді.

Бұдан бөлек, қозғалыс қауіпсіздігіне келсек, жалпы саны 92 шұғыл тежеу орын алыпты. ПЧ-53 бойынша – 65, ПЧ-54 бойынша 27 оқиға болған.

Сондай-ақ, Магистральдық желі бөлімшесінің мүліктерін қолды ету де тіркелген, мамандар 5 860 549,34 теңгенің мүлкі ұрланғанын алға тартты. Атап айтқанда, ПЧ-53-те 3 жағдай орын алып, 5 856 932 теңгенің зағына залал келтірсе, ПЧ-54-те 1 оқиға орын алып, 3 617,34 теңгеге залал келтірілді. Өкініштісі, қылмыс жасағандар ұсталып, заң алдында жазасын алмаған.

Экология

МҰНАЙ ҚАЛДЫҚТАРЫНАН ТАЗАРТУДА

Мұнайлы өлкеде шешімін таппай келе жатқан экологиялық мәселелер баршылық. Соның бірқатары теміржолға да қатысты. Мәселенің мән-жайын әріден бастасақ, бұрын қала орталығындағы Ақжайық станциясының қарсы бетінде вагондарды жуу-булау станциясы болған-ды. Мұнда бүкіл вагондар мұнай қалдықтарынан арнайы құралдар арқылы жуылып, тазартылып отыратын.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Міне, осы жұмыстарды жеке меншік саналатын «Ақжайық Запад 2006» ЖШС атқарып келген. Бірақ көп ұзамай аталған серіктестік өз жұмысын тоқтатып, станцияны сол күйінде тастап кеткен. ҚТЖ иелігіндегі ол жерге ешкім назар аудармаған. Аталған станцияның жалпы ауданы 4,4 га жерді құрайды. 1994-2006 жылдар аралығында «Ақжайық Запад 2006» жуу-булау станциясы мұнай өнімдерінің қалдықтары бар цистерналарына ыстық жуу-булау өткізіп, оларды толтыруға дайындауды жүзеге асырғандығын атап өту қажет. Заңнаманың экологиялық талаптары сақталмағандықтан, 09.02.2006 жылы сот шешімі бойынша кәсіпорын қызметі қала сыртына көшірілгенге дейін тоқтатылды.

«Ақжайық Запад 2006» ЖШС қызметінің нәтижесінде жуу-булау станциясының аумағында топырақ жамылғысының мұнай өнімдерімен ластануына әкелді. 2019 жылы ҚТЖ Атырау филиалының күшімен қалған мұнай өнімдерінің қалдығы бар цистерналардың және мазутталған топырақтың бір бөлігі алынып, тасып шығарылды. Ал, ағымдағы жылдың ақпан айында қалалық әкімдік Атырау жүк тасымалы ЖШС және магистральдық желі бөлімшесімен бірлесіп аталған жұмыстарды жалғастырып, аяқтады. 2021 жылдың ақпан айында барлығы 390 тонна мазутталған топырақ және мұнай өнімдерінің қалдықтары бар 5 цистерна



БОЛАШАҚТА ТАУАРЛАРДЫ, АЗЫҚ-ТҮЛІКТЕРДІ САҚТАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ КӨТЕРМЕ-БӨЛШЕК САУДАСЫ БОЙЫНША БАЗА РЕТІНДЕ ЛОГИСТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҚ ҚҰРУ ҮШІН, ОБЛЫС ҮШІН ҚАЖЕТТІ ІРІ ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУ МАҚСАТЫНДА ЖУУ-БУЛАУ СТАНЦИЯСЫНЫҢ (ОПК) АУМАҒЫН «АТЫРАУ» ӘКК-НЕ БЕРУ ЖОСПАРЛАНУДА.

шығарылды. Ластанған жер толық тазартылды.

– «Ақжайық Запад 2006» серіктестігі осы аумақта 1994 жылдан 2006 жылға дейін келісімшартпен қызмет етті. Топырақтың мұнай қалдықтарымен бүлінуіне бірден-бір себепші де сол. Бірақ құрылым таратылған соң, бұл жерде 2019 жылы кең көлемде тазалау жұмыстары басталып, қала әкімдігімен бірлескен жұмыс бүгінде аяқталып отыр, – деді Атырау магистральдық желі

бөлімшесінің басшысы Е.Сапаров.

Қазіргі уақытта мұнай және мұнай өнімдерін құю-ағызу эстакадаларына вагондарды тиеу Атырау мұнай өңдеу зауыты аумағынан тыс жерде жүзеге асырылып, заманауи талаптарға сәйкес келетін жабдықтарда цистерналарды тазалау және булау жұмыстары жүргізіледі. Болашақта тауарларды, азық-түліктерді сақтау және олардың көтерме-бөлшек саудасы бойынша база ретінде

логистикалық орталық құру үшін, облыс үшін қажетті ірі жобаны іске асыру мақсатында жуу-булау станциясының (ОПК) аумағын «Атырау» ӘКК-не беру жоспарлануда.

– 1994-2006 жылдар аралығында мұнай өнімдерін таситын теміржол қазандарын буландырып, жолды жуатын станцияның жұмысы экологиялық ахуалға зардабын тигізіп, тұрғындардың орынды өкпе-назын туғызғаны рас. Бүгінде «Экотехник» компаниясының көмегімен осы жердегі мұнай қазандықтары шығарылып, төгілген мұнай қалдықтары толық тазартылды. Жердің иесі – әзірге «Қазақстан темір жолы-Жүк тасымалы» АҚ-ның Атырау филиалы. Бірақ біз оны «Атырау» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясына беріп, үлкен логистикалық база салуды жоспарлап отырмыз. Ал, станцияның қалған ғимараттары жаңадан құрылыс салғанда қойма ретінде пайдаланылады. Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес жобаны жүзеге асыру үшін жер телімінің меншік иесі заң жүзінде расталған соң, логистикалық орталықтың жобалық-сметалық құжаттары жасақталады. Өйткені, халықты азық-түлікпен, бірінші кезекте қажетті тауарлармен қамтудың қиындығы төтенше жағдай кезінде айқын көрінді. Мұны түбегейлі шешу үшін бізге үлкен қоймалар мен арнайы жабдықталған орталықтар қажет, – деп мәлімдеді Атырау қаласының әкімі Қайрат Оразбаев.

Суретті түсірген автор

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЗИЯН АЗАЙҒАН

Бүгінде Семей ЖТ бөлімшесі бойынша экологиялық ахуалды жақсарту мақсатындағы шаралар жыл өткен сайын жаңа сипат алуда. Өңірдегі барша теміржолшылар қауымы үшін аталмыш бағытта биыл да жаңашыл жобалар қолға алынды. Атап айтсақ, қоршаған ортаны қорғау мен ауаны ластайтын қалдықтарды азайтуда жоспарлы жұмыстар нақты іске асырылуда.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Қазіргі күні өндіріс ошақтары көп Семей, Жаңа-Семей, Защита, Шар және Жаңғызтөбе мен Аягөз станциялары бойынша ауаға ластаушы заттар бөледі азайту бойынша ілкімді шаралар қолға алынған. Өткен жылы мұндай зиянды қалдықтардың көрсеткішіне шаққандағы көлемі 117,857 тонна болыпты. Бұл ретте рұқсат етілген шекті мөлшер 186,564 тонна еді. Яғни, айналаны ластайтын қалдықтар көлемі айтарлықтай азайған. Ал, оған бірден-бір себеп ретінде, Семей ЖТ бөлімшесінің өндірістік қауіпсіздік бөлімі мамандары әзірлеген жоспарлы жұмыстарды мысалға келтіруге болады.

Ластаушы заттар көлемінің ұлғаюына негізінен Защитадағы ТЧЭ-22, Семейдегі ТЧЭ-24 пен Аягөз станциясындағы ТЧЭ-25 мекемесінің «үлесі» мол. Әсіресе, қысқы мезгілдегі қолайсыз ауа-райы кезінде жағылатын қатты отын көлемінің артуы бірден-бір себеп екен.

Дегенмен, аталмыш мекемелердегі ауаны ластайтын қалдықтар көлемі жыл сайын азайып келеді. Мысалы, Аягөз локомотив пайдалану депосы көмірге жұмсалатын шығын көлемін 1,4 пайызға төмендетіпті. Сонымен қатар, қатты отынның орнына сапалы мазут пайдалану да ауаны ластамауда зор ықпал етеді.

Аталмыш бағыттағы шаралар аясында желі бойындағы теміржолшылар қауымы да көмір тасымалдау мен жағудан қолдары босап келеді. Өйткені, биылғы маусымнан бастап Жарма, Шөптіқақ, Жаңғызтөбе, Бұқтырма, Зырянновск, Серебрянка сынды шалғайдағы бірқатар станциялар ендігі ара-



лықта пешпен емес, электрлі жылытқышпен жылытуға көшірілді. Соның нәтижесінде қазіргі таңда аталмыш станциялар бойынша ауаға жіберілетін парниктік газ көлемі де айтарлықтай мөлшерде азайып отыр. Айтпа кетерлігі, дәл осы бағыттағы жұмыстарды биылғы жылы да жалғастыру көзделіп отыр. Яғни, желі бойындағы техникалық тексеру пункттері мен жекелеген мекемелердің қазандықтары мен пештері ауыстырылады.

– Жалпы, соңғы көрсеткіштер бойынша бөлімшедегі тұтыну және өндіріс қалдықтарының көлемі 608,235 тоннамен құрайды. Ал, салыстырмалы түрде қарастырылсақ, өткен жылдың осынау кезеңінде 789,381 болған еді. Яғни,

былтырғымен салыстырғанда ластаушы қалдықтар көлемінің азаюы 22 пайызға жетіп отыр, – дейді бұл орайда Семей ЖТ бөлімінің экологтары.

Қазіргі күні бөлімшеге қарасты мекемелер мен станцияларда экологиялық мәдениет қалыптастыру мақсатында қалдықтарды бөлек жинау ісі қолға алынған. Атап айтсақ, қағаз, шыны және пластик сынды қалдық түрлері контейнерлерде жиналып, қайта өңдеу үшін келісім-шарт жасалған кәсіпорындарға беріледі.

Қорыта айтсақ, шығыстағы теміржолшылар үшін биылғы қысқы маусымда экологиялық шараларды жақсарту бойынша елеулі нәтижелер қатары мол.

Суретті түсірген автор

Семинар

АУДИТОРИЯ – ВЕСЬ КАЗАХСТАН

Особенности содержания бесстыкового пути, вопросы безопасности движения поездов стали главной темой семинара-совещания, прошедшего в Алматы под председательством директора департамента безопасности движения АО «НК «КТЖ» Марата Шакенова.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

В нем приняли участие руководителей центрального аппарата АО «НК «КТЖ», департамента безопасности движения, департамента пути и сооружений, руководства алматинских отделений грузовых перевозок, магистральной сети, главные региональные ревизоры и ревизоры пути из разных точек Казахстана.

Марат Шакенов подчеркнул, что безопасность движения является одним из ключевых моментов железнодорожного транспорта.

– На каждом этапе важно обеспечить стабильность функционирования единого технологического процесса, управляемость и безопасность перевозок, – резюмировал он.

Директор Алматинского отделения грузовых перевозок Берик Ачкалов отметил, что впервые в истории компании именно в Алматинском отделении была применена практика удлинения пути – длиной до перегона.

В целом на железной дороге компанией эксплуатируется более 14,5 километра бесстыковых рельсовых плетей, это 69% от общей протяженности главных путей.

– Отсутствие стыков сводит к минимуму динамические воздействия на пассажиров, уменьшает удельное сопротивление движению подвижного состава до 15%, снижает более чем на 10% расходы на ремонт поездов и железнодорожного пути, кроме того, увеличивает на 20-25% срок службы элементов верхнего строения пути. Также сокращается дефектность рельсов, – рассказал директор департамента пути и сооружений Ержан Танкеев.

Отдельно он остановился на недостатках бесстыкового пути. В частности, это влияние



дополнительного воздействия продольных и поперечных сил, которое искусственно создается при выправке, рихтовке, очистке щебня и других ремонтных путевых работах.

Для улучшения состояния и содержания бесстыкового пути в настоящее время департаментом пути и сооружений взят курс на увеличение длины рельсовых плетей с применением машин ПРСМ и алюминотермитной сварки. Характерен тот факт, что в 2019 году впервые на железной дороге, на участке Бескольской дистанции пути, были перекрыты рельсовыми плетями 2 перегона: Акси – Коктума протяженностью 21 километр и Жаланашколь – разъезд 19 протяженностью 19 километров. В 2020 году машинами ПРСМ сварено 17 829 стыков, из них 1164 для удлинения плети 12 перегонов: ПЧ Алтыньколь – 8 перегонов, ПЧ Бесколь – 4 перегона. Также было отмечено, что закупаются полимерные

подрельсовые прокладки для скрепления КБ, которые позволили увеличить срок его службы и прочность. Кроме того, проводятся опытно-экспериментальные испытания высокопрочных клебоплеточных изолирующих стыков. В текущем году планируется их закупить для сварки рельсовых плетей длиной до перегона на участках с автоматической блокировкой на приоритетном направлении Алматы – Нур-Султан.

В рамках семинара-совещания также был организован выезд на перегон Алматы – Медеу участка Алматы – Сарыозек. Здесь для участников продемонстрировали устройство и содержание бесстыкового пути с плетями до блок-участка на скреплениях КБ, гости посетили предприятие по производству железобетонных шпал предприятия ТОО «Фирма «Бент».

Фото автора

Итоги

СЛАЖЕННАЯ И ЦЕЛЕНАПРАВЛЕННАЯ ОТГРУЗКА

На 102,5% перевыполнили план погрузки в Костанайском отделении грузовых перевозок по итогам февраля текущего года.

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

Как сообщил заместитель директора по логистике Костанайского отделения ГП Ерден Аманов, на февраль отделению был задан технический план погрузки 32 480 вагонов. По итогам же месяца он выполнен на 102,5% – погружено 33 063 вагона. В среднем в сутки отгружался 1 181 вагон (78,9 тыс. тонн), фактически выше плана отгружено 54,4 тысячи тонн.

В том числе по основной номенклатуре удалось добиться следующих показателей: в



отгрузке цветной руды при плане на месяц 7 855 вагонов погрузили 7 925 (сверх плана 15,2 тыс. тонн); строительных грузов при


плане погрузки 562 вагона фактически отгружено 645 (к факту прошлого года увеличение на 1,3 тыс. тонн); огнеупоров погрузено 563 вагона (выше уровня 2020 года на 6,2 тыс. тонн).

Увеличены и показатели погрузки зерна. Так, при плане 1 911 вагонов погрузено 2 290, это выше намеченного уровня на 25,7 тысячи тонн. Продуктов перемела погрузено 86 тысяч тонн, что выше плана на 32,5 тысячи тонн.

– В целом, мы неплохо отработали месяц, – резюмирует Ерден Аманов. – Слаженная и целенаправленная работа по отгрузке самых различных грузов продолжается на всех станциях региона. Мы оперативно решаем все рабочие моменты с нашими грузоотправителями, и все это, разумеется, отражается на результатах итоговой месячной отгрузки.

Фото автора

ПРОФЕССИОНАЛИЗМ И КОМПЕТЕНТНОСТЬ



ТВОИ ЛЮДИ,
МАГИСТРАЛЬ!

На заслуженный отдых проводили Почетного железнодорожника, исполнительного директора по маркетингу перевозок ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Даулетбека Нигметова.

Жаныбек КЕНЕС,
Нур-Султан

Он посвятил стальной магистрали, без преувеличения, всю жизнь. Более 45 лет отработал на «железке», начав свою трудовую деятельность в 1976 году учеником слесаря по ремонту подвижного состава. После окончания Целиноградского железнодорожного колледжа был призван в армию. В учебном полку познавал азы профессии машиниста. «Юность в сапогах» прошла в Закарпатье в железнодорожных войсках. Участвовал в строительстве железнодорожных путей, мостов, управления мотовозом, предназначенным для перевозки груза, инструмента, механизмов и людей.

Затем окончил Алматинский институт инженеров железнодорожного транспорта по специальности «инженер путей сообщения».

Практически вся трудовая биография Даулетбека Маулиновича, на каких бы должностях он не работал в Акмолинском отделении дороги и в центральном аппарате АО «НК «КТЖ», была связана с организацией движения поездов, планированием и обеспечением перевозок грузов. Он контролировал и отвечал за своевременную подачу вагонов под погрузку согласно заявкам грузоотправителей, своевременную выгрузку вагонов грузополучателями.

Почти двадцать лет отработал в одном из стратегических структурных подразделений

железной дороги, отвечающих за породовую погрузку и выгрузку. Статус структуры менялся: сначала это был отдел, затем его преобразовали в управление, в последние годы – в департамент. Даулетбек Нигметов прошел путь от главного специалиста до руководителя подразделения.

Директор департамента породовой погрузки – одна из наиболее значимых фигур в компании, а потому неудивительно, что человек, занимающий эту должность, должен обладать такими качествами, как профессионализм и компетентность, ответственность и решительность. Работа оперативная: возникшие вопросы нужно решать мгновенно. Главная задача – уметь четко и ясно организовать высокоэффективную работу по использованию имеющегося подвижного состава. Во главе угла – перевозка гуманитарного и стратегических для страны (зерна, угля) грузов. Работал двадцать четыре часа в сутки, семь дней в неделю. Вся картина по погрузке и выгрузке дня у него на столе в четких графиках и в голове.

Руководитель такого подразделения – человек публичный. Даулетбек Маулинович выстраивал диалог с операторами вагонов, отраслевыми ассоциациями, заинтересованными госорганами, международными железнодорожными организациями (ЦСЖТ, ОСЖД), иностранными железнодорожными администрациями и СМИ.

Он применял свои знания на практике на должности директора филиала АО «КТЖ



– Грузовые перевозки» – «Павлодарское отделение ГП». Это одно из крупнейших отделений на железной дороге Казахстана. На него приходится около 40% от общего объема погрузки. В номенклатуре перевозок присутствует практически вся линейка грузов. Круг обязанностей директора филиала широк. Приходилось плотно заниматься технологическими процессами функционирования станций, планом формирования поездов и другими вопросами.

Почетный железнодорожник воспитал немало отличных специалистов, профессионалов, которые сейчас вносят вклад в развитие железной дороги.

За долгие годы работы на железной дороге он не разочаровался в выбранном деле. Сегодня он находит его таким же интересным и увлекательным, как много лет назад.

Железная дорога ценит долгий и добросовестный труд своих работников. Даулетбек Маулинович награжден высшей наградой отрасли – знаком «Почетный железнодорожник», юбилейной медалью «Қазақстан теміржолына-100 жыл», Почетной грамотой президента АО «НК «КТЖ».

Вместе с супругой они воспитали двух сыновей, рагусту пять внуков.

Фото автора



БОКОВЫЕ РАМЫ – В ЦЕНТРЕ ВНИМАНИЯ

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск



ПРОФИЛАКТИКА

Семь уже подтвержденных дефектов в пяти грузовых вагонах обнаружили работники Оскеменского эксплуатационного вагонного депо в ходе четырехмесячника по контролю за боковыми рамами.

Акция началась 23 ноября 2020 года и завершится 23 марта текущего. Осмотрщики вагонов на ПТО станции Оскемен-1 и Бухтарма все это время уделяют повышенное внимание состоянию боковых рам.

– В пяти вагонах нашли дефекты семи боковых рам: в двух вагонах было по две проблемы, – рассказал инструктор по автотормозам и буксовому узлу Оскеменского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД-24) Нурлан Наурызбаев. – Вагоны были отцеплены, наличие дефектов подтверждено в ходе расследования. Часть из них уже отремонтирована на станции Оскемен-1. Сейчас на расследовании находятся еще несколько вагонов.

Три дефекта боковых рам обнаружил осмотрщик вагонов ПТО станции Оскемен-1 Бауржан Тунгатов. В двух порожних грузовых вагонах 1993 и 1986-го годов выпуска он нашел недопустимые следы сварки. Его коллега из того же ПТО Шалкар Бюрекбаев в одном порожнем грузовом вагоне нашел две проблемы: следы сварки и литейный дефект. Азамат Ерікұлы из ПТО станции Оскемен-1 обнаружил следы сварки в грузовом порожнем вагоне 2001 года выпуска. Осмотрщик вагонов по станции Бухтарма Ербол Абзалиев обнаружил в боковой раме порожнего грузового вагона 2013 года выпуска дефект в виде раковины.

По словам Нурлана Наурызбаева, документы на поощрение направлены в отношении всех проявивших бдительность вагонников. К слову, в прошлом году по итогам такого же четырехмесячника Бауржан Тунгатов награжден наградным знаком «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін» – за профессионализм и оперативность, ответственный подход к работе, предотвращение угрозы безопасности движения поездов. В минувшем году в тележках грузовых вагонов он обнаружил наибольшее число дефектов.

Фото автора

ПОЖАР НА ЦВИЛИНГЕ

Марьяна ПЕРВУШИНА,
Уральск



ОГНЕБОРЬБА

В двухстах метрах от железнодорожного полотна станции Цвилинга возник пожар в частном доме 1938 года постройки. В ликвидации пожара приняли участие бойцы ПП-40 Илецк Уральской негосударственной противопожарной службы.

Сообщение о пожаре поступило от ДС Цвилинга Сауле Муфтеевой, поднятый по тревоге пожарный поезд прибыл на место пожара в кратчайшие сроки. В течение получаса пожар был локализован, еще через полчаса – полностью ликвидирован.

Площадь пожара составила 120 квадратных метров, огнем повреждено здание жилого дома с обрушением кровли. Потерпевших трое – владельцы квартир, расположенных в этом доме. Один из них – 72-летний дедушка получил термические ожоги 1-2 степени лица и головы, доставлен в ЦРБ г. Соль-Илецк. Причины пожара и материальный ущерб устанавливаются. Задержки поездов, поврежденный путь, устройств СЦБ и связи, энергоснабжения не допущено.

В состав Уральской НПТС входят два пожарных поезда. Пожарный поезд первой категории с дислокацией на станции Уральск (ПП Орал) обеспечивает противопожарную защиту объектов АО «НК «КТЖ» и всех видов железнодорожного подвижного состава от западной границы до станции Чингирлау включительно. Пожарный поезд второй категории, дислоцируемый на станции Илецк-1 (ПП Илецк), обслуживает вторую часть участка Уральской НПТС до станции Жайсан и разъезда Каницай.

ОО «Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников железнодорожного, автомобильного, воздушного и водного транспорта» выражает искренние соболезнования директору по персоналу ТОО «Пассажирские локомотивы» Абильбековой Шолпан Акылбековне в связи с тяжелой утратой – кончиной брата **Абильбекова Конысбая Акылбекулы**

Руководство и коллектив ТОО «Пассажирские локомотивы» выражают глубокие и искренние соболезнования директору по персоналу Абильбековой Шолпан Акылбековне в связи с тяжелой невосполнимой утратой – кончиной брата **Абильбекова Конысбая Акылбекулы**

ТЕМІРЖОЛШЫ-БЛОГЕРЛЕР КЕЗДЕСТІ



«ҚТЖ» ҰК» АҚ-на қарасты бірнеше аймақтағы бөлімшелерден жиналған теміржолшы-блогерлер Ақтөбеге арнайы келді. Әлеуметтік желіні белсенді қолданатын ұжымдық блогерлер ақпараттық-танымдық насихат жүргізіп, теміржолдың цифрлы технология мүмкіндіктерімен танысты.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Сонымен қатар, жас теміржолшылар еліміздегі күнды жәдігерлер сақталған теңдесіз мұражайды көздерімен көрді. Қазақстанның түкпір-түкпірінен «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да еңбек етіп жүрген әлеуметтік желіде белсенді 27 жас теміржолшы келіп, Ақтөбеде екі күндік іссапармен болды. Олар «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ магистральдық желінің Батыс өңірінде басталған пилоттық жобасының ресми ашылуына арнайы келген Басқарма төрағасының орынбасары Серік Әбденовпен бірге «Пойыздар қозғалысын басқару орталығының» жұмысымен танысты. Бес өңірдің диспетчерлерінің тасымалдарды басқару процесін автоматтандыру жобасы жас теміржолшыларға ерекше әсер қалдырды.

«Негізгі мақсат – орталықтың құрылымымен таныстыру арқылы ақпараттық түсінідіру жұмыстарын арттыру. Ұжымдық блогерлер арасындағы байланысты пресс тур



өткізу арқылы нығайту. Олар мұражайда Ақтөбе теміржолының тарихымен танысты. Ақтөбе теміржолы – Батыс өңірі бойынша негізгі іргетасы деп атасақ, қазақ теміржолының батыс өңіріне қалай келгенін осы мұражайды аралау арқылы көруге болады», – деді Ақтөбе ЖТ бөлімінің кадр маманы Абзал Раббасов.

Кең, жарық әрі тарихи құжаттар мен 350 жәдігері бар теміржол мұражайы туралы деректер Facebook, Instagram, TikTok пайдалану арқылы тарайды. Қазақ теміржолының тарихынан сыр шерткен бұйымдар мен ширек ғасырға жуық уақыт сақталған теміржол бұйымдары келушілерді қызықтырды.

«Мұражай керемет. Ескі теміржол бұйымдары түпнұсқасында сақталған. Қолымызбен ұстап, көзімізбен көріп жатырмыз. Біз екі күн бойы Ақтөбеде бірнеше жерде болдық, барлық жерден алған әсеріміз ерекше. Әсіресе, «Пойыздар

қозғалысын басқару орталығының» жұмысымен танысу сәтін аяқтап әсерімізді айтып жеткізе алмаймыз. Сырттан келген барлық маманға жағдай жасалып қойған. Жобаның маңыздылығы көрініп тұр», – деді Қостанай магистральдық желі бөлімінің электрмеханигі Дастан Жұрқабаев.

«Ақтөбе теміржолына қарасты мұражай 1989 жылы жасакталды. Мұнда 350 жәдігер бар, басым бөлігі – тарихи құжаттар. Ал 150-ге жуық жәдігер қазақ даласына алғаш келген тепловоздар мен теміржол бөлшектерінен сыр шертеді. Ерекшелігі – ескі теміржол бөлшектерінің түпнұсқасы сақталған», – дейді музей менгерушісі Анар Жұбаева.


Сонымен қатар ұжымдық блогерлер Ақтөбе аумағында жұмыс жасап тұрған бірнеше теміржол мекемелерімен танысып, қаланың көрікті жерлерін аралады.

Суретті түсірген автор

GRAMMY ИМАНБЕКА

Асель ШАЙХЫНОВА,
Нур-Сұлтан

В 2019 году ремикс простого, скромного 19-летнего железнодорожника из Аксу стал популярен сначала в Европе, после стал завоевывать мировые чарты. А 14 марта 2021 года 20-летний Иманбек Зейкенов получил мировую премию Grammy.



Музыкант стал первым казахстанцем, получившим такую награду.

– Церемония награждения проходила в онлайн-режиме. Мы всей душой болели за своего бывшего коллегу. И очень гордимся его победой! Его работа признана лучшим ремиксом года, – рассказывает бывший руководитель Иманбека, начальник станции Аксу-1 филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Павлодарское отделение ГП» Ардак Каирбаев.

Сейчас с Иманбеком Зейкеновым желают записать совместные треки всемирно известные певцы и музыканты. О своей победе музыкант сообщил и на странице в Instagram: «Самое прекрасное в карьере музыканта – выиграть Grammy, и мы это сделали!».

На трек у Иманбека ушло около двух часов, и он не ожидал, что этот ремикс сделает его знаменитым. Спустя какое-то время парень с удивлением узнал, что стал номинантом 63-й музыкальной премии «Грэмми» за ремикс Roses.

Оригинальным исполнителем песни Roses является американский рэпер Saint JHN, однако популярность песня набрала

после выхода ремикса казахстанца в 2019 году. Тогда же железнодорожник из Аксу получил всемирную известность. Сам рэпер Saint JHN поблагодарил Иманбека за ремикс.

Жизнь Иманбека с приходом мировой известности изменилась. Он признается, что не хотел бы остаться автором одного хита. До конца 2019 года работал сигнальником на железнодорожной станции Аксу. Затем уволился и занялся музыкой. Он по-прежнему живет в Аксу со своими родителями. К слову, музыкального образования у звезды нет, самоучка. На гитаре играет со второго класса – папа научил. Свои ремиксы писал в программе FL Studio, в ней научился работать по видеурокам на YouTube.

Наряду с «Оскар» и Met Gala церемония «Грэмми» – одно из главных и самых важных событий в индустрии развлечений. Среди ее лауреатов неизменно значились наиболее выдающиеся музыканты современности.

ЗАҢ – БАРШАҒА БІРДЕЙ

Жан ПЕРДЕБЕК,
Шымкент



Жақында Шымкент станциясының теміржолшылары мен станцияның жол полиция бөлімінің қызмет көрсету аймағында көші-қон қызмет тобының және әкімшілік полиция бөлімшесінің қызметкерлері пойыздағы жолаушылармен кездесу өткізді.

Дөңгелек үстіндегі кездесуге «Шымкент-Алматы» бағытындағы №25/26 жолаушылар пойызының жолсеріктері де қатысты. Кездесудің мақсаты – елдегі коронавирустық инфекцияның пайда болуына және таралуына жол бермеу жөніндегі ведомстваралық комиссияның 2020 жылғы 29 қазандағы шешімін түсіндіру. Жол жүру құжаттарының, шетелдіктің тұруға ықтиярхатының, Қазақстан Республикасы визаларының, елде уақытша болуға арналған рұқсаттың қолданылу мерзімі өткен немесе өтіп бара жатқан шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың 2021 жылғы 5 маусымға дейін елден шығуына әкімшілік жауапкершілікке тартусыз рұқсат етілетінін түсіндіру.




Теміржолшылар мен құқық қорғау органдарының қызметкерлері жолаушыларды қажетті мәліметтермен ақпараттандыра отырып, сақтық шараларын да ұмыт қалдырмауды сұрады. Жалпы, түсіндіре кетсек, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың азаматтығы бар елмен немесе тұрақты тұратын, рұқсат етілген транзиттік жол жүру елімен тікелей көліктік қатынасы болмаған кезде шығарып жіберу туралы сот шешімін өз бетінше орындау мерзімдері тоқтатылды. Яғни осы жылдың 5 маусымына дейін шетелдіктердің уақытша тұруға арналған рұқсат мерзімі узартылды.

Бұған қоса, елге күнкоріс мақсатында жұмыс істеуге келген шетелдіктердің де елде жүру мерзімі, сондай-ақ отбасымен бірігу мақсатында Қазақстан аумағында жүрген немесе азаматтығы бар елден құжаттар ұсыну мүмкіндігі жоқ шетелдіктердің елде болу мерзімі де узартылды.

Суретті түсірген автор

ҚТЖ ИСПОЛНЯЕТ МЕЧТЫ



Любовь РОВБА,
Нур-Сұлтан

Работу на стальной магистрали Камшат Тиштыкбаева считает подарком судьбы, так как в семье железнодорожников не было.

– Я родилась в городе Байконур и больше знала об устройстве ракет, чем о поездах, – с улыбкой отмечает наша героиня.

В детстве, как многие девочки, Камшат мечтала стать учителем, а уже к окончанию школы имела твердое намерение поступить в театральный вуз. Ее актерские

способности, увлечение танцами и фитнесом, любовь к театру и книгам могли стать козырями при поступлении, однако родители настояли на выборе «более земной» профессии.

– Я поступила в Казахскую академию транспорта и коммуникаций имени Тыннышаева. На тот момент я не знала, что работать в ҚТЖ так увлекательно и интересно и воспринимала учебу в Алматы как возможность стать ближе к своей мечте – ходить на кастинги, познакомиться с миром кино.

Однако в процессе обучения Камшат так увлеклась железнодорожной отраслью, что забыла о цели, которая привела ее в большой город. Получив диплом, она приехала в столицу и устроилась дежурной вокзального комплекса «Нұрлы жол»

– ҚТЖ поддерживает и разви-

вает молодежь. В 2019 году запустили проект «100 молодых лиц». Я решила попробовать свои силы и рада, что мне удалось успешно пройти сложные отборочные этапы, – поделилась Камшат. – Так получилось, что четыре года работы в ҚТЖ помогли мне воплотить в жизнь свои детские мечты. Став внутренним тренером, я реализовала себя в роли учителя. Прошла талантливая железнодорожница и отбор в пул корпоративных блогеров компании.

– Наша задача – показать работу ҚТЖ. Открыто говорить о том, что сделано и что еще предстоит, коммуницировать с людьми и продвигать бренд компании, – говорит Камшат.

Секрет успеха, по признанию героини, – в желании быть лучше, чем вчера, и не стоять на одном месте.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ПОМОЩЬ КОЛЛЕГАМ

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



Молодежное крыло Костанайского отделения ГП сделало подарки наиболее социально уязвимым слоям из числа работников компании. Прежде всего – многодетным и малообеспеченным семьям из отдаленных станций.

Как сообщил региональный представитель Совета по делам молодежи по Костанайскому отделению ГП Кенес Дюсекеев, волонтерами отделения сообщено было принято решение о приобретении продуктов и бытовых приборов коллегам-железнодорожникам, которые в ближайшие дни нуждаются в такой поддержке и заботе.

– В первую очередь мы решили помочь тем семьям железнодорожников, где матери и отцы воспитывают детей в одиночку, кто имеет значительные

денежные кредиты и т. д. Все семьи, которым мы оказали поддержку, проживают на линии или в отдаленных селах, – рассказывает он.

Из купленных товаров было сформировано два набора продуктово-бытовых наборов, которые поделены в равных долях между получателями. Каждая из семей, получивших волонтерскую помощь, выразила искреннюю благодарность коллегам за поддержку в нынешнее непростое время.

Фото автора

ҚҰРМЕТТЕП ШЫҒАРЫП САЛДЫ

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қамыстыбас станциясы



Қазалы вагон пайдалану депосының ұжымы Қамыстыбас бақылау бекетінде вагон қараушы болып қырық жылдан астам уақыт тынбай еңбек еткен қос ардагер – Тажиғали Тынштықбаев пен Сайлау Айтжановты құрметті зейнет демалысына шығарып салды.

Салтанатты шарада депо бастығы, ұжым мен кәсіподақ ұйымы атынан зейнеткерлерге арнайы сый-сияпат табыс етіліп, құрмет көрсетілді.

– Сіздерді депо басшылығы мен кәсіподақ ұйымы атынан зейнетке шығуларыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Жұмысы ауыр, тәртібі қатал теміржол саласының, оның ішінде Қазалы вагон пайдалану депосының өсіп-өркендеуіне, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге 40 жылдан аса қызмет атқардыңыздар. Ел игілігі жолында төккен тер мен көрген бейнеттеріңіздің зейнетін көрініздер. Ендігі жерде тек қуанышты сәттерде, отбасының бақытына бөленіңіздер. Шаңырақтарыңызға шаттық пен бақыт, отбасыларыңызға береке-бірлік, өздеріңізге ұзақ ғұмыр, зор денсаулық тілейміз, – деді әріптестерінің иығына шапан жауып алғыс білдірген Арғын Орымбаев.

Бір ұжымда жұмыс жасап, саналы ғұмырын теміржол саласының өркендеуіне арнау – тек теміржолшыға тән ерекшелік. Қос кәсіби теміржолшы да сол жолды таңдаған өз ісінің майталмандары. Сондықтан әріптестерімен қимай қоштасқан вагон депосының ұжымы жабыла алғыстарын жаудырып, ыстық ықыластарын білдірді.

Суретті түсірген автор

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ
Бас редактор
Муздубаева Дина Сериковна
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Газет басылатын қалалар:
Нур-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 20 000
Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық сапалық теміржол, автомобиль, ауе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шымкент: Жанар Сыздықбай 8-707-390-17-18
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Жамбыл: Асқат Райқұлов 8-700-330-01-53
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Костанай: Аслан Кудабасев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдаң Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубасев 8-702-843-27-97
Көкшетау: Надежда Новицкая 8-701-854-38-27

Редакцияның мекен-жайы:
Нур-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күнәлігі берілді.